

 air astana	«Эйр Астана» АҚ	
	Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

«Эйр Астана» АҚ

Ішкі аудит қызметі туралы

ереже

	«Әйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

Мазмұны

1.	Қолданудың мақсаты мен көлемі	4
2.	Анықтамалар	4
3.	ІАҚ мақсаты	5
4.	ІАҚ тәуелсіздігі	6
5.	Этика және ІАҚ объективтілігі	7
6.	ІАҚ өкілеттіктері	9
7.	ІАҚ қызметінің көлемі мен түрлері	10
8.	Біліктілік талаптары	11
9.	ІАҚ міндеттері	12
10.	Қоғамның Аудит жөніндегі комитетімен және Директорлар кеңесімен және Қоғамның Еншілес ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау	14
11.	Қоғамның Бас атқарушы директорымен өзара іс-қимыл жасау	15
12.	Аудит объектілерімен өзара іс-қимыл жасау	15
13.	Қоғамның Басқа құрылымдық бөлімшелерімен, Қоғамның еншілес ұйымдарымен және Сыртқы тараптармен өзара іс-әрекет жасау	17
14.	ІАҚ қызметінің сапасын қамтамасыз ету және жақсарту	18
15.	Өзгерістерге жауапкершілік және бақылау	18


 air astana	«Эйр Астана» АҚ	
	Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	21
	Қосымшалар	0

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУГЕ РҰҚСАТ БЕРУ ЖӘНЕ МАҚҰЛДАУ

Редакция нөмірі: 02

Шығарылған күні: 15.10.2025

Төмендегі кесте Ішкі аудит қызметі Ережесінің KC-IAS-REG_v1 нұсқасы Қоғамның Директорлар кеңесімен қаралғанын, пайдалануға рұқсат етілгенін және мақұлданғанын растайды.

Шешім	ТА және лауазымы	Қолы	Күні
Дайындалды:	Ник-Заде Лейла Ішкі аудит қызметінің басшысы		29.09.2025
Келісілді:	Калыкова Анель, Ішкі бақылау қызметінің басшысы		29.09.2025
Келісілді:	Найзабекова Жанар Заң мәселелері жөніндегі Вицепрезидент, Бас заң кеңесшісі		30.09.2025
Келісілді:	Татьяна Котенёва Комплаенс қызметінің басшысы		30.09.2025
Бекітілді:	Қоғамның Директорлар кеңесі	15.10.2025 ж. №269 Хаттама	

Ескертпе: Ішкі аудит қызметі туралы ереже Директорлар кеңесімен бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

1. ҚОЛДАНУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН КӨЛЕМІ

- 1.1 Осы Ішкі аудит қызметі туралы ереженің (бұдан әрі – **Ереже**) мақсаты тәуелсіздікті, объективтілікті, өкілеттіктерді, тапсырмалардың көлемі мен түрлерін, Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – **ІАҚ**) міндеттерін, ІАҚ Басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын қоса алғанда, ІАҚ-ның Аудит жөніндегі комитетпен, Директорлар кеңесімен, «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) Бас атқарушы директорымен, Қоғамның басқа да бөлімшелерімен және еншілес ұйымдарымен өзара іс-әрекет жасау мақсатын, құзыреттерін, сондай-ақ тәртібін айқындау болып табылады.
- 1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ішкі аудиторлар институтының халықаралық ішкі аудит стандарттарына (бұдан әрі – **Стандарттар**), Қоғамның жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
- 1.3 ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерінің міндетті элементтерін басшылыққа алады, олар Ішкі аудиторлар институтының стандарттары мен тақырыптық талаптарын, Қоғам органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын қамтиды.

2. АНЫҚТАМАЛАР

- 2.1 Осы Ережеде мынадай анықтамалар мен ұғымдар қолданылады:

«Аудиторлық тексеру» - Қоғамның Директорлар кеңесі тиісті түрде бекіткен жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүргізілетін Қоғамда, Қоғамның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау процестеріне тәуелсіз баға беру мақсатында қолда бар дәлелдемелерді объективті түрде талдау (Стандарттарда «кепілдік беру» термині аудиторлық тексерулер жүргізуді білдіреді);

«Аудит жөніндегі комитет» - Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұратын Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеті. Аудит жөніндегі комитеттің қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы Ережемен реттеледі;

«Жылдық аудиторлық жоспар» – ішкі аудит тапсырмаларының тізімін қамтитын, Қоғамның стратегиясын, мақсаттары мен тәуекелдерін құжатталған түрде бағалауға негізделген ІАҚ жұмыс жоспары. Жылдық аудиторлық жоспар Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдарының операциялары мен процестеріне қатысты ішкі аудит тапсырмаларын қамтуы мүмкін;

«Заңнама» - Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілері;

«Ішкі аудит» - Қоғамның жұмысын жақсарту мақсатында аудиторлық тексерулер мен консультациялық тапсырмаларды жүргізу жөніндегі тәуелсіз, объективті қызмет. Ішкі аудит корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, Қоғамға алға қойған мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі;

«Ішкі аудит қызметі» – Қоғамның Директорлар кеңесі және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық және/немесе нормативтік актілерімен белгіленуі мүмкін ІАҚ өкілеттіктері, рөлі мен міндеттері. Осы Ережеде ішкі аудит қызметі мынадай бөлімдерді қамтиды: ІАҚ тәуелсіздігі, ІАҚ объективтілігі, ІАҚ өкілеттіктері, ІАҚ қызметінің көлемі мен түрлері және ІАҚ міндеттері;

«Ішкі аудиттің тапсырмасы» - аудитті немесе консультациялық тапсырманы жоспарлы немесе жоспардан тыс орындау. Тапсырма бірқатар өзара байланысты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бірнеше тапсырмаларды орындауды көздеуі мүмкін;

«Кеңес беру тапсырмасы немесе кеңес беру» - Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне, Қоғамның еншілес ұйымдарына немесе корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау процестеріне көмек көрсетуге және жетілдіруге бағытталған, басқарушылық шешімдер үшін ІАҚ жауапкершілігін қабылдауды болдырмайтын консультация сұрататын жекелеген қызметкерлерге кеңестер, ұсынымдар және т.б. беру жөніндегі қызмет. Мұндай қызметтің сипаты мен мазмұны Қоғамның құрылымдық бөлімшесімен, Қоғамның еншілес ұйымымен немесе кеңес сұрайтын қызметкермен келісіледі;

«Кепілдік картасы» – Қоғам үшін ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін үш сызық моделі бөлінісінде және кепілдік берушілердің іс-қимылын үйлестіру тұрғысынан Қоғамдағы кепілдіктердің (тексерулердің) негізгі көздері мен түрлерін көрсететін құжат;

«Қоғамның еншілес ұйымдары» – Қоғамда 50% немесе одан көп мөлшерде қатысу үлесі бар заңды тұлғалар;

«Мүдделер қақтығысы» – ішкі аудитордың объективті кәсіби пайымдауларды жасау немесе өз міндеттерін объективті түрде орындау немесе осындай әсер туралы әсер ету қабілетіне әсерін тигізуі мүмкін жағдай, әрекеттер немесе қатынастар;

«Тәуелсіздік» – ІАҚ-тың өз міндеттерін бейтарап орындау мүмкіндігіне қауіп төндіретін жағдайлардан еркіндік.

- 2.2 Осы Ережеде қолданылатын, бірақ анықталмаған ұғымдар заңдарда, Қоғам Жарғысында және Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде және Стандарттарда қолданылатын мағынада пайдаланылады.

3. ІАҚ МАҚСАТЫ

- 3.1 ІАҚ мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғам басшылығына бағалауға негізделген тәуелсіз тәуекелдерді, объективті аудиттерді, ұсыныстарды, пікірлер мен болжамдарды ұсыну арқылы Қоғамның құнын құру, қорғау және сақтау қабілетін нығайтудан тұрады. ІАҚ мыналарға ықпал етеді:

- 1) Қоғамның өз мақсаттарына табысты қол жеткізуіне;

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 2) Қоғамды басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жетілдіруге;
- 3) Қоғамда қабылданатын шешімдер мен қадағалаудың сапасын арттыруға.

4. ІАҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

- 4.1 ІАҚ функционалдық тұрғыдан Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бөлімше болып табылады.
- 4.2 ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Аудит жөніндегі комитет оның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.
- 4.3 ІАҚ сандық құрамын айқындауды, оның Басшысы мен қызметкерлерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды, ІАҚ жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйақы беру көлемі мен шарттарын айқындауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Аудит жөніндегі комитет осы мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді.
- 4.4 ІАҚ Басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шарты Қоғамның Бас атқарушы директорымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде жасалады.
- 4.5 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру көлемін, шарттарын Директорлар кеңесі бекітеді. Аудит жөніндегі комитет осы мәселе бойынша шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді.
- 4.6 ІАҚ қызметкерлері үшін әлеуметтік жеңілдіктер, кепілдіктер және өтемақы төлемдері Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес беріледі.
- 4.7 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, жауапкершілігі мен құқықтары тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады, олар Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы, Қоғамның мінез-құлық кодексі, осы Ереже, Стандарттар, Қоғамның ішкі аудиті жөніндегі нұсқаулық, еңбек шарттары және Қоғамның ішкі құжаттары негізінде әзірленеді.
- 4.8 ІАҚ Басшысының лауазымдық нұсқаулығын Аудит жөніндегі комитет тұрақты қайта қарауға және келісуге тиіс және оның ұсынымы бойынша Қоғамның Бас атқарушы директоры бекітеді, онда осы Ережеде және қоғамның тиісті ішкі құжаттарында белгіленген міндеттер мен өкілеттіктердің дәл көрсетілуін қамтамасыз етеді.
- 4.9 ІАҚ әкімшілік жағынан Қоғамның Бас атқарушы директорына бағынады. Әкімшілік бағыну мыналарды қамтиды:
 - 1) Қоғамның Бас атқарушы директорының ІАҚ Басшысы мен қызметкерлеріне тиісті жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуі;
 - 2) Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің, ІАҚ қызметіне қатысты тиісті өкімдердің негізіндегі шығарылым;
 - 3) еңбек тәртібінің сақталуын бақылау;

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

4) сондай-ақ осы Ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес ІАҚ тәуелсіздігі мен объективтілігіне қайшы келмейтін өзге де әрекеттер.

4.10 Қоғамның Бас атқарушы директоры ІАҚ тәуелсіздігі мен объективтілігіне ықпал етуі үшін әкімшілік бағынысты пайдаланбауы тиіс.

4.11 ІАҚ Басшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне ІАҚ функциясының ұйымдық тәуелсіздігін жылына кемінде бір рет растауы тиіс.

5. ЭТИКА ЖӘНЕ ІАҚ ОБЪЕКТИВТІЛІГІ

5.1 ІАҚ Басшысы ІАҚ қызметкерлерінің ішкі аудит тапсырмаларын таңдау, есептердің көлемін, рәсімдерін, жиілігін, мерзімдерін және мазмұнын анықтау мәселелерін қоса алғанда, өз міндеттерін бейтарап орындау мүмкіндігіне қауіп төндіретін барлық жағдайлардан ІАҚ-тың еркін болуын қамтамасыз етуге тиіс.

5.2 Егер ІАҚ Басшысының пікірінше объективтілік теріс әсерге ұшыраса немесе ұшырады деп қабылданса, бұл туралы ақпарат Бас атқарушы директорға және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасына жария етілуі тиіс.

5.3 ІАҚ қызметкерлері ішкі аудит тапсырмаларын объективті орындауға мүмкіндік беретін бейтарап көзқарасты сақтауы керек, яғни, олар өз жұмысының нәтижелеріне өздері сеніп, оның сапасына қатысты ымыраға келуге жол бермеуі керек. Объективтілік ІАҚ қызметкерлерінің пікіріне басқа адамдардың пікірлерінің әсер етпеуін талап етеді.

5.4 Объективтілік қағидаттарын сақтау мақсатында ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері:

- 1) аудитке жататын салаларға қатысты операциялық қызметті жүзеге асырмауы немесе өкілеттіктері болмауы керек;
- 2) ішкі бақылау құралдарын енгізуге, рәсімдерді әзірлеуге, жүйелерді орнатуға, басқару есептерін жасауға қатыспауы керек;
- 3) өткен жылы олар жауапты болған нақты операцияларды бағалауға қатыспауы керек;
- 4) осы Ережеге сәйкес Қоғамда ІАҚ қызметімен байланысты емес функционалдық міндеттерді орындамауы керек;
- 5) бұл қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдарының жарғылық құжаттарында және/немесе Қоғамның басқару органдары мен Қоғамның еншілес ұйымдарының шешімдерінде көзделген тәртіппен ішкі аудит тапсырмаларына қатысу үшін тағайындалған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен Қоғамның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің іс әрекеттерін қадағалауды жүзеге асыру;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына қайшы келетін және / немесе Қоғамға зиян келтіретін өзінің еңбек функцияларын орындау шеңберінде жеке мақсаттарда немесе басқа

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

мақсаттарда алынған құпия ақпаратты, үшінші тұлғалар туралы дербес ақпаратты, дербес фото/бейнені пайдалану және тарату;

- 7) Теріс әсер етуі немесе объективтілікке теріс әсер етуі мүмкін сыйлық, сыйақы немесе қызмет сияқты материалдық немесе материалдық емес игіліктерді қабылдау.

5.5 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері өз қызметін стандарттарда белгіленген мынадай этикалық қағидаттарға сәйкес жүзеге асыруы тиіс, атап айтқанда:

- 1) қағидаттарға берілгендік-өз жұмысын адал, еңбекқорлықпен және жауапкершілікпен орындау және барлық мәселелерде кәсіби көзқарасты көрсету;
- 2) объективтілік – теңгерімді бағалау жүргізу, біржақтылыққа, мүдделер қақтығысына немесе тиісінше ықпал етпеуге жол бермеу және аудиторлық қорытындылар шығару кезінде кәсіби скептицизм көрсету;
- 3) құзыреттілік-міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті білімге, Дағдылар мен тәжірибеге ие болу және оны үнемі дамыту;
- 4) тиісті кәсіби қарап-тексеру-әдіснамаларды, құралдар мен тәсілдерді ұқыптылықпен, негізделген пайымдаумен және тиісінше пайдаланумен ішкі аудит тапсырмаларын орындау;
- 5) құпиялылық-қызметтік міндеттерін орындау барысында алынған ақпаратты қорғау және оны жеке мақсаттарда немесе қоғамның заңды және этикалық мақсаттарына қайшы келетін немесе оларға нұқсан келтіретін қандай да бір түрде пайдалануға жол бермеу.

5.6 ІАҚ қызметкерлері бұрын жауапты болған операциялар мен процестерге қатысты консультациялық тапсырмаларды орындай алады. Егер болжамды консультациялық тапсырма ІАҚ қызметкерлерінің объективтілігіне теріс әсер етуі мүмкін болса, бұл туралы Қоғамның құрылымдық бөлімшесі объектісінің басшысына немесе тапсырманы орындауға қабылдағанға дейін консультация сұрататын қызметкерге хабарлау қажет.

5.7 ІАҚ консультациялық тапсырманың сипаты объективтілікке әсер етпейтін жағдайда бұрын консультациялық тапсырмалар орындалған салаларда аудиторлық тексерулерді орындай алады, ал тапсырманы орындау үшін еңбек ресурстарын бөлу кезінде жеке объективтілікті қамтамасыз ету ескеріледі..

5.8 ІАҚ қызметкерлері мүдделер қақтығысы және өкілеттіктерді шектеу туралы ақпаратты қоса алғанда, объективтілікке теріс әсерін тигізетін барлық жағдайлар туралы ІАҚ Басшысына хабарлауы тиіс.

5.9 Егер ІАҚ Басшысы ІАҚ саласына жатпайтын функцияларды және/немесе міндеттерді орындаса немесе орындауды жоспарласа, объективтілікке теріс әсерін шектеу үшін қорғаныс шараларының қабылдануы керек.

5.10 Міндеттердің көлемін анықтау, жұмыстарды орындау және / немесе нәтижелерді ішкі аудит тапсырмасына беру кезінде ІАҚ Басшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне ІАҚ алдында тұрған ІАҚ қызметіне кез келген араласулар туралы ақпаратты ашуы тиіс. Бұл

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

ашылуда сондай-ақ ІАҚ қызметінің тиімділігін және оның өз міндеттемелерін орындау қабілетін бағалау үшін осындай араласулардың салдарының баяндалуы тиіс.

6. ІАҚ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

6.1 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері құқылы:

- 1) жазбалар мен ақпараттың құпиялылығы мен сақталуы үшін жауапкершілік туралы талап сақталған жағдайда, Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдарының құпия, құпия деректері мен ақпаратын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы және өзге де елдер заңнамасының талаптары шегінде, егер қолданылатын болса, барлық қызметтік функцияларға, деректерге, жазбаларға, мүлікке, персоналға және жүргізілетін ішкі аудит нысанасына қатысы бар кез келген басқа қызметтік ақпаратқа толық, еркін және шектеусіз қолжетімділік алуға;
- 2) егер Қоғамның Директорлар кеңесі тапсырған болса, компьютерлік бағдарламалармен, Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдарының есепке алу деректерімен байланысты ақпараттық дерекқорға оқу режимінде тұрақты негізде, яғни деректерді енгізу және қандай да бір өзгерістер енгізу құқығынсыз толық, еркін және шектеусіз қолжетімділікке ие болуға;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына, Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне, Қоғамның Бас атқарушы директорына және Қоғамның еншілес ұйымының жоғарыда аталған органдарына бекітуге ұсынылған құжаттарды (түпнұсқалар мен жобаларды) сұратуға және алуға, сондай-ақ ІАҚ функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті Қоғамның көрсетілген органдары мен Қоғамның еншілес ұйымдары өкімдерінің / хаттамаларының көшірмелерін алуға;
- 4) ІАҚ құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне және Қоғамның еншілес ұйымдарына жазбаша сұраныстар жіберуге;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспар шеңберінде ресурстарды бөлуге, кезеңділікті белгілеуге, тақырыптарды таңдауға, жұмыс көлемін анықтауға, түрлі аудиторлық рәсімдерді қолдануға және ІАҚ міндеттерін орындау үшін коммуникацияны ұйымдастыруға;
- 6) Қоғамның Аудит жөніндегі комитеті төрағасының алдын ала келісімімен Қоғамға қатысты ішкі аудиттің жоспардан тыс тапсырмаларына бастамашылық жасауға және жүргізуге. / Ішкі аудиттің жоспардан тыс тапсырмалары өзгертілген жылдық аудиторлық жоспарда көрсетілуі тиіс, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің таяудағы отырысында бекітілуі тиіс Қоғамның еншілес ұйымдардағы ішкі аудиттің жоспарлы және жоспардан тыс тапсырмалары Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде жүргізіледі;
- 7) консультациялық тапсырмалар үшін бекітілген жылдық аудиторлық жоспарда белгіленген уақыт бюджеті шегінде консультациялық тапсырмаларды жүргізу;

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 8) алдыңғы 12 (он екі) ай ішінде тексерілетін қызметке жауапты тұлғаларды қоспағанда, аудиторлық бағдарламаларды әзірлеу және мамандандырылған кеңестер алу мақсатында нақты тапсырмаларды орындау үшін, Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің және Қоғамның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін тәуелсіз сарапшылар ретінде тарту;
- 9) ІАҚ қызметкерлері тапсырмаларды толық көлемде немесе ішінара орындау үшін жеткілікті білімі мен дағдылары болмаған жағдайда, белгіленген тәртіппен тәуелсіз консультанттарды тартуға және тапсырмаларды орындау үшін бірлескен жұмыс жүргізуге;
- 10) Қоғамдағы бюджеттеу процесін регламенттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жоспарланған кезеңге арналған шығыстарды қамтитын ІАҚ бюджетін қалыптастыруға және Қоғамның Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға;
- 11) дауыс беру құқығынсыз сарапшылар / консультанттар ретінде комитеттердің, басқа жұмыс топтарының / комиссиялардың, Қоғам құрған маңызды жобалардың құрамына енгізілуге;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, осы Ережеге, ішкі құжаттар мен стандарттарға қайшы келмейтін өзге де құқықтар мен өкілеттіктерге ие болуға.

6.2 Жоғарыда аталған тармақтарға қосымша ІАҚ Басшысы құқылы:

- 1) басқарушылық шешімдер қабылдау және Қоғамның тәуекелдерін тікелей басқару құқығынсыз корпоративтік басқаруды, тәуекелдерді басқару мен бақылауды жетілдіруге байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ ІАҚ құзыреттеріне жататын басқа да мәселелер бойынша Қоғамның отырыстары мен қызметіне қатысуға;
- 2) Қоғамға кепілдік беру қызметтерін немесе кеңес беру қызметтерін көрсететін басқа сыртқы тараптармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 3) Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтай отырып, ІАҚ қызметіне байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға және басқа да заңды тұлғаларға сұраныстарды жүзеге асыруға;
- 4) мүдделер қақтығысын болдырмау мен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету үшін (мерзімді немесе қажет болған жағдайда) ІАҚ қызметкерлері арасында міндеттерді ротациялауды жүзеге асыруға;
- 5) ІАҚ құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа да функцияларды орындауға және шешімдер қабылдауға.

7. ІАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨЛЕМІ МЕН ТҮРЛЕРІ

- ### 7.1 Аудиторлық тексерулер мен консультациялық тапсырмаларды қамтитын ішкі аудит тапсырмаларын орындау шеңберінде, ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері, егер Қоғамның

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

Директорлар кеңесімен тапсырылған болса (шектелмей), Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдары қызметінің мынадай салаларына бағалау жүргізеді:

- 1) операциялық қызметтің барабарлығы мен тиімділігіне;
- 2) корпоративтік басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне;
- 3) Қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігіне;
- 4) тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне;
- 5) ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне;
- 6) алаяқтық тәуекеліне және алаяқтық жасау мүмкіндігіне және оларды төмендетуге қатысты басшылық әрекеттерінің тиімділігіне;
- 7) этикаға байланысты мақсаттарды, бағдарламалар мен іс-шараларды жобалауға, тәжірибелік тұрғыдан іске асыруға және нәтижелілікке;
- 8) ақпараттық технологиялар мен жүйелерге;
- 9) активтерді қорғау ресурстары мен әдістерін (құралдарын) пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігіне.

7.2 ІАҚ тұрақты негізде Қоғамның және Қоғамның еншілес ұйымдарының ІАҚ және сыртқы аудитор шығарған ұсынымдарды орындауына мониторингті жүзеге асырады.

7.3 ІАҚ өз құзыреті шегінде Қоғамның Директорлар кеңесі ІАҚ жүктеген өзге де тапсырмаларды орындай алады.

7.4 ІАҚ тәуекел деңгейі жоғары жекелеген салаларға және қоғамның сыни процестеріне қатысты тұрақты сенімділікті қамтамасыз ету үшін үздіксіз аудит тәжірибесін енгізуі тиіс. Бұл іс-шаралар басшылықтың күнделікті бақылау мен бақылау жауапкершілігінен ерекшеленеді және оларды алмастырмайды. Үздіксіз аудит тәжірибесі ішкі аудиттің мерзімді тапсырмаларын толықтыруға арналған. ІАҚ Басшысы тәуекелдер мен маңыздылықты бағалау негізінде үздіксіз аудит деректерінің көлемін, кезеңділігін және көздерін айқындайды, сондай-ақ нәтижелерді аудит объектісі басшылығының назарына уақтылы жеткізуді және оларды Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне мерзімді ұсынуды қамтамасыз етеді.

8. БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

8.1 ІАҚ Басшысы:

- 1) бухгалтерлік есеп, қаржы, құқық, ақпараттық технологиялар салаларынан емесе басқа да тиісті салаларда жоғары кәсіптік білімі болуы, жоғарыда аталған салаларда магистр дәрежесінің болуы артықшылық болып табылады;
- 2) аудит саласындағы аудитпен немесе консультациямен байланысты салалардағы жұмыс тәжірибесі кемінде 8 жыл, үлкен төрттіктің халықаралық аудиторлық компанияларында тәжірибесінің болуы және авиация немесе көлік саласында жұмыс тәжірибесі артықшылық болып табылады;

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 3) CIA (Certified Internal Auditor) кәсіби біліктілігінің болуы, ал қосымша кәсіби біліктілігінің болуы (ACCA, CPA, CISA, PRM, FRM және т. б.) артықшылық болып табылады;
- 4) Стандарттарды білуі қажет;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет;
- 6) ішкі аудиттің әдіснамасын, озық технологиялары мен құралдарын білуі қажет;
- 7) аудиторлық тапсырмаларды жүргізу және аудиторлық есептердің сапасын бағалау тәжірибесі болуы қажет;
- 8) ағылшын тілін жоғарғы деңгейде білуі қажет;
- 9) MS Office қолданбалы бағдарламалар пакетімен жұмыс істеуді білуі қажет;
- 10) жоғарғы деңгейде көшбасшылық қасиеттері болуы қажет;
- 11) коммуникативтік және презентациялық дағдылары болуы қажет.

8.2 ІАҚ-тың басқа жұмысшылары:

- 1) бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе қаржы, және/немесе экономика және/немесе құқықтану және/немесе ақпараттық технологиялар және/немесе қоғамның салалық ерекшелігіне сәйкес келетін техникалық саладағы жоғары кәсіптік білімі болуы қажет;
- 2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы және/немесе ақпараттық технологиялар және/немесе заң саласындағы және/немесе қоғамның салалық ерекшелігіне сәйкес келетін техникалық саладағы лауазымдық нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келетін жылдар санында жұмыс тәжірибесі болуы қажет;
- 3) Стандарттарды білуі қажет;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет;
- 5) бизнес процестерді, тәуекелдерді және тиісті бақылау жүйелерін түсіну және бағалау мүмкіндігі болуы қажет;
- 6) ағылшын тілін жоғарғы деңгейде білуі қажет;
- 7) MS Office қолданбалы бағдарламалар пакетімен жұмыс істеуді білуі қажет;
- 8) сондай-ақ аудит, және/немесе бухгалтерлік есеп, және/немесе қаржылық менеджмент және/немесе АТ-технологиялар және/немесе менеджмент тәуекелі саласында сертификаттың және/немесе біліктіліктің болғаны жөн.

9. ІАҚ МІНДЕТТЕРІ

- ### 9.1 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықтарға, еңбек шарттарына жән Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүктелген функциялардың сапасы мен

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

уақтылы орындалуына, сондай-ақ Стандарттардың және ІАҚ пен Қоғамның қызметін реттейтін ішкі құжаттардың сақталуына жеке жауапты болады.

9.2 ІАҚ Басшысы жауапты:

- 1) Стандарттарда белгіленген өлшемдерге сәйкес қоғам үшін оның пайдалылығын қамтамасыз ету үшін ІАҚ-ны тиімді басқару;
- 2) ІАҚ қызметкерлерінің осы Ереженің 5.6-тармағында айқындалған этикалық қағидаттарды, атап айтқанда: қағидаттарға, объективтілікке, құзыреттілікке, тиісті кәсіби байқампаздық пен құпиялылыққа бейілділігін сақтауын қолдау және көтермелеу;
- 3) ІАҚ қызметкерлерінің ішкі аудит құзыретін іске асыру және осы Ереженің талаптарына сәйкестігі үшін қажетті білімге, дағдыларға және басқа да құзыреттерге жиынтығында ие болуына немесе иеленуіне жәрдемдесу;
- 4) ІАҚ қызметкерлерінің осы Ережеге және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін олардың лауазымдық нұсқаулықтарын мерзімді қайта қарау, сондай-ақ өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда жаңартылған нұсқаларын бекіту;
- 5) ІАҚ Стратегиясын, Стратегиялық жоспарын және Жылдық аудиторлық жоспарын әзірлеу, уақтылы өзгерістер енгізу және ІАҚ қызметкерлерін тиімді басқару және осы жоспарларды орындау үшін ресурстарды пайдалану;
- 6) бекітілген Стратегияны, ІАҚ Стратегиялық жоспарын және Жылдық аудиторлық жоспарын іске асыру үшін қаржылық, кадрлық және технологиялық ресурстардың жеткіліктілігін бағалауды, Аудит жөніндегі комитетті және Қоғамның директорлар кеңесін аудитті қамтуға әсер етуі мүмкін кез-келген шектеулер туралы хабардар етуді, қажет болған жағдайда ресурстардың жеткіліктілігін қамтамасыз ету үшін түзету шараларын сұратуды;
- 7) Ішкі аудит тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптарды осы тапсырмалардың нәтижелері туралы хабардар ету;
- 8) ІАҚ ұсынымдарын енгізу мониторингін ұйымдастыру;
- 9) Қоғамның директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетіне ІАҚ қызметі туралы есептерді ұсыну;
- 10) ІАҚ қызметкерлерін одан әрі кәсіби дамыту жөніндегі шараларды ілгерілету;
- 11) Ішкі аудит саласында жаңа үрдістер мен озық практиканы қолдану;
- 12) ІАҚ үшін әзірленген ішкі құжаттарды әзірлеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету.

9.3 ІАҚ Басшысы ІАҚ қызметіне қатысты барлық құжаттарға қолжетімділікті бақылауы тиіс, жұмыс құжаттарын, есептерді және растайтын материалдарды қоса алғанда, осы құжаттардың кез келгенін сыртқы тарапқа қоғамның тиісті құжаттарына сәйкес ғана ашады және қажет болған жағдайда қоғамның құқықтық мәселелері жөніндегі Вице-президентімен немесе осы мәселе бойынша өзге де тиісті түрде уәкілетті басшымен консультация алады.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 9.4 ІАҚ қызметкерлері ішкі аудит тапсырмаларын тиісті кәсіби деңгейде уақытылы орындауы тиіс.
- 9.5 Жұмысқа кәсіби көзқарас таныта отырып, ІАҚ қызметкерлері деректерді жинау, талдау және бағалау құралдары мен әдістерін қолдануды қарастыруы керек.
- 9.6 ІАҚ қызметкерлері аудит объектісінің мақсаттарына қол жеткізу үшін әлеуетті елеулі тәуекелдерді анықтауы тиіс. Соған қарамастан, ішкі аудит тапсырмаларын орындау кезінде жүзеге асырылатын рәсімдер, тіпті егер олар тиісті кәсіби деңгейде жүргізілсе де, барлық маңызды тәуекелдерді анықтауға кепілдік бермейді.
- 9.7 ІАҚ қызметкерлері ішкі аудит тапсырмалары барысында анықталған этикалық қағидаттарды, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін, заңнамалық немесе реттеуші нормаларды бұзу жағдайлары туралы ІАҚ Басшысына дереу хабарлауы тиіс. ІАҚ Басшысы өз кезегінде, бұл жағдайлар туралы Қоғамның Бас атқарушы директорына, Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасына бұзушылықтарды жоюға бағытталған әрі қарай болатын әрекеттерді орындау және бұзушылықтарға күдікті адамдарға қатысты шараларды қабылдау үшін дереу хабарлауы тиіс.

10. ҚОҒАМНЫҢ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІМЕН ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

10.1 ІАҚ Басшысы:

- 1) ІАҚ қызметіне байланысты мәселелер бойынша, оның ішінде Қоғамның Бас атқарушы директорының қатысуынсыз жабық отырыстар шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесінің және Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы мен мүшелеріне тікелей коммуникация жасауға, өзара іс-қимыл жасауға, есеп беруге;
- 2) ІАҚ-тың сандық құрамына, ІАҚ өкілеттік мерзіміне, ІАҚ қызметкерлерінің өкілеттіктерін тағайындауға және мерзімінен бұрын тоқтатуға, ІАҚ жұмыс тәртібін, ІАҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы төлеу көлемі мен шарттарын айқындауға қатысты Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар бере алады.
- 3) ІАҚ-ға байланысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және / немесе Аудит жөніндегі комитеттің кезектен тыс отырыстарына бастамашылық жасауға құқылы.

10.2 Жыл сайын ІАҚ Аудит жөніндегі комитетке қарауға және алдын ала мақұлдауға және Директорлар кеңесіне бекітуге келесі жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың желтоқсан айының ортасынан кешіктірмей ұсынады.

10.3 ІАҚ тоқсан сайын Қоғамның Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне ІАҚ қызметі туралы есептілікті ұсынады.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 10.4 Аудит жөніндегі комитет пен Қоғамның Директорлар кеңесі ІАҚ қызметі туралы есептерді қарайды және қажет болған жағдайда, белгіленген жұмыс регламентіне және Қоғамның Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне сәйкес шешімдерді қабылдайды.
- 10.5 ІАҚ Басшысы Қоғамның Аудит жөніндегі комитетін тәуелсіздікті және/немесе объективтілікті бұзудың, оның ішінде мүдделер қақтығысының немесе ІАҚ құқықтары мен өкілеттіктерін шектеудің ықтимал мүмкіндігіне немесе болуына байланысты кез келген жағдайлар туралы дереу хабардар етуді қамтамасыз етеді.
- 10.6 ІАҚ Басшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Қоғамның еншілес ұйымының Директорлар кеңесін ішкі аудит тапсырмаларының нәтижелері туралы хабардар етеді.

11. ҚОҒАМНЫҢ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

11.1 Қоғамның Бас атқарушы директоры міндетті:

- 1) ІАҚ-тың өз функцияларын толыққанды және кедергісіз орындауына, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге және ІАҚ-тың Қоғам үшін барынша пайдалылығына ықпал ететін қоғамда жағдайлар жасау;
- 2) ІАҚ жоғары мамандандырылған мәселелер бойынша консультациялық қызметтер алу үшін тәуелсіз сарапшылар ретінде Қоғам бөлімшелерінің қызметкерлерін тарту мәселелерінде ІАҚ-ға жәрдемдесу;
- 3) Қоғамның бюджетіне белгіленген тәртіппен ІАҚ бюджетін қосу;
- 4) Ішкі аудит тапсырмаларын орындау үшін аутсорсингті/косорсингті пайдалануға жағдайлар жасау.

12. АУДИТ ОБЪЕКТІЛЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

- 12.1 Егер ішкі аудит тапсырмасын орындау барысында ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері бастапқыда аудит объектісі болып табылмайтын басқа құрылымдық бөлімшенің процесін/процестерін қосу есебінен ішкі аудит тапсырмасының көлемін кеңейту қажеттігін анықтаса, ІАҚ Басшысы немесе қызметкерлері тиісті құрылымдық бөлімшеге хабарлауы және кездесулерді/қоңырауларды ұйымдастыруды және қосымша ақпарат жинауды қажетті іс-қимылдарды үйлестіруі тиіс, қажетті аудиторлық рәсімдерді орындау үшін талап етіледі.
- 12.2 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлерін ішкі аудит тапсырмасының орындалу барысы, ішкі аудит тапсырмасының аралық нәтижелері, ішкі аудит тапсырмасының көлемі мен мерзімдеріндегі елеулі өзгерістер туралы хабардар етеді. Мұндай жаңартулар, егер өзге кезеңділік келісілмесе, қатарынан 15 (он бес) жұмыс күнінде кемінде бір рет беріледі.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 12.3 Аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері ІАҚ сұратқан ақпаратты/деректерді келісілген мерзімде ұсынуға міндетті. Егер аудит объектісі келісілген мерзімде ІАҚ сұраған ақпаратты/деректерді ұсынбаған жағдайда, ІАҚ сұралған ақпарат / деректер жоқ деп болжай алады және осы болжам негізінде қорытынды жасай алады. Егер сұралған ақпаратты/деректерді келісілген мерзімде ұсынбау үшін ақылға қонымды негіздеме болған жағдайда, аудит объектісі бұл туралы ІАҚ-ны жазбаша түрде, мысалы, электрондық пошта арқылы алдын ала хабардар етуі тиіс.
- 12.4 ІАҚ Басшысы мен қызметкерлері аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлеріне неғұрлым тиімді және уақтылы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде алдын ала бақылаулар мен ұсынымдар беруі тиіс. Аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері, егер басқаша айтылмаса, алған кезінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде алдын ала байқаулар мен ұсынымдарға ІАҚ жазбаша түсініктемелер беруге міндетті. Белгіленген мерзімде түсініктеме болмаған жағдайда, мазмұны, алдын ала бақылаулар мен ұсынымдар қабылданған болып есептеледі және ІАҚ есебінің жобасына енгізілуі мүмкін.
- 12.5 Аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері есептің жобасына оны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ІАҚ жазбаша түсініктемелер беруге міндетті. Аудит объектісінің басшысы келісілген ұсынымдар үшін іс-шаралар жоспарын ұсынуға міндетті, жауапты және оларды орындау мерзімдері көрсетілген. Аудит объектісі бастапқыда келіспеген, бірақ кейіннен олармен келіскен ұсынымдар бойынша аудит объектісі жазбаша іс-шаралар жоспарын дайындауға және оларды келіскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ІАҚ-ға беруге міндетті.
- 12.6 Егер аудит объектісі есептің жобасына және тиісті іс-қимыл жоспарына белгіленген мерзімде жазбаша түсініктеме бермесе, онда есеп түпкілікті, ал ондағы бақылаулар мен ұсынымдар келісілген болып есептеледі. Мұндай жағдайда аудит объектісі іс-шаралар жоспарын дайындауға және оны есепті шығарғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ІАҚ беруге міндетті, әйтпесе бұл факт қоғамның Аудит жөніндегі комитетінің/Директорлар кеңесінің назарына жеткізілуге тиіс.
- 12.7 ІАҚ Басшысы мен аудит объектісінің басшысы берілген рейтингтерге бақылауларға немесе ұсынымдарға қатысты келіспеген жағдайларда ІАҚ Басшысы белгілі бір ІАҚ рейтингін сақтайды және аудит объектісі басшысының жазбаша түсініктемелерін ішкі аудит есебіне қосады. Берілген рейтингтерді төмендету мақсатында ІАҚ-ға қысым көрсетудің кез келген заңсыз әрекеттері Аудит жөніндегі комитеттің және Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына жеткізілуге тиіс.
- 12.8 Аудит объектісі басшысының анықталған тәуекелді азайту немесе жою жөніндегі ұсынымды енгізуден бас тартуы осы тәуекелді қабылдауды білдіреді. Егер ІАҚ Басшысының пікірінше, қалдық тәуекел деңгейі қоғам үшін қолайсыз болса, ІАҚ Басшысы бұл мәселені қоғамның бас атқарушы директорымен немесе жауапты Вице-Президентпен талқылауы керек. Егер ІАҚ Басшысы мәселе әлі де шешілмеген деген қорытындыға келсе, ІАҚ Басшысы осы факт туралы Аудит жөніндегі комитетке хабарлауы керек.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 12.9 ІАҚ ұсынымын енгізу аудит объектісі басшысының және қызметкерлерінің міндеті болып табылады. Аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері келісілген күндер аяқталғанға дейін қабылданған ұсынымдарды енгізу мәртебесі туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға міндетті. Егер аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері ұсынымдарды енгізу мәртебесі туралы жаңартылған ақпаратты уақтылы ұсынбаған жағдайда, тиісті ұсынымдар мерзімі өткен деп жіктелетін болады.
- 12.10 Егер ұсынымды бастапқыда келісілген мерзімде енгізу ақылға қонымды себептермен мүмкін болмаса және тиісті жазбаша негіздеме берілсе, аудит объектісінің басшысы немесе қызметкерлері, егер ұсынымның жоғары рейтингі болмаса, оларды енгізу мерзімдерін қайта қарауды сұрай алады. Бір ұсынымға орындау мерзімін бір ғана қайта қарау қолданылуы мүмкін. Егер аудит объектісі ұсынымды қайта қаралған мерзімге енгізбесе, мұндай ұсыныс енгізілгенге дейін мерзімі өткен болып жіктеледі.
- 12.11 Аудит объектісінің басшысы мен қызметкерлері жоғары рейтингі бар ұсынымдарды енгізудің бастапқыда келісілген мерзімін уақтылы жаңартпаған немесе сақтамаған немесе басқа ұсынымдар бойынша қайта қаралған мерзім Бас директордың және/немесе жауапты Вице-Президенттің қарауына шығарылуы мүмкін және Қоғамның Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің назарына жеткізілуге тиіс жағдайлар.

13. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІМЕН, ҚОҒАМНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ

- 13.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес ІАҚ өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау процесінде Қоғамның барлық бөлімшелерімен, Қоғамның еншілес ұйымдарымен, сондай-ақ сыртқы тараптармен белгіленген тәртіппен өзара іс-әрекет жасайды.
- 13.2 Тиісті қамтуды қамтамасыз ету және қайталанатын функцияларды азайту мақсатында ІАҚ басшысы Қоғамның басқа бөлімшелерімен екінші қорғаныс желісімен және кепілдіктер, тексерулер мен консультациялар беру бойынша қызметтерді көрсететін басқа да тараптармен ақпаратпен алмасуы және қызметті үйлестіруі тиіс. Егер ІАҚ басшысы үйлестірудің тиісті деңгейіне қол жеткізе алмаса, онда бұл мәселе Қоғамның Бас атқарушы директорының назарына жеткізіліп, қажет болған жағдайда, Қоғамның Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізілуі тиіс.
- 13.3 ІАҚ басшысы Қоғамның бөлімшелерімен бірлесіп Кепілдіктер картасын жасап, жаңарта алады. Қоғамның бөлімшелері Кепілдіктер картасын жасауы және жаңарту кезінде ІАҚ-ға көмек көрсетуі тиіс. Қажет болған жағдайда, ІАҚ Басшысы Қоғамның еншілес ұйымдарында Кепілдіктер картасын жасауға қатыса алады.

	«Эйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

14. ІАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTY

- 14.1 ІАҚ басшысы ІАҚ қызметінің барлық аспектілерін қамтитын ІАҚ қызметінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – **Бағдарлама**) әзірлейді, енгізеді және қолдайды.
- 14.2 Бағдарлама ІАҚ қызметінің Стандарттарға сәйкестігін бағалауға және қамтамасыз етуге арналған. Бағдарлама сондай-ақ ІАҚ қызметінің әсері мен тиімділігін бағалайды және оны жақсарту мүмкіндіктерін анықтайды. Бағдарлама ІАҚ қызметінің ағымдағы мониторингін, мерзімді және сыртқы бағалауларын қамтиды.
- 14.3 ІАҚ Басшысы сапаны сыртқы бағалаудың мерзімдері мен нысанын Директорлар кеңесімен келісуі тиіс. ІАҚ бағдарламасы мен қызметінің Стандарттарға сәйкестігін сыртқы бағалау тәуелсіз сыртқы бағалаушы немесе Қоғам қызметкерлері болып табылмайтын бағалаушылар тобы немесе тәуелсіз сыртқы растамасы бар өзін-өзі бағалау түрінде кемінде бес жылда бір рет өткізіледі. Тәуелсіз бағалаушыны немесе бағалаушылар тобын таңдағанда ІАҚ басшысы кем дегенде бір адамның «Дипломы бар ішкі аудитор» сертификатына ие болуын қамтамасыз етуі керек.
- 14.4 ІАҚ Басшысы жылына кемінде бір рет Қоғамның Аудит жөніндегі комитетке және/немесе Директорлар кеңесіне Бағдарлама шеңберінде сапаны ішкі бағалау нәтижелері туралы есеп береді. Сапаны сыртқы бағалау нәтижелері бағалау аяқталғаннан кейін Қоғамның Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ұсынылады. Мұндай коммуникациялар, егер қажет болса, ішкі аудитке қатысты заңдар мен нормативтік талаптардың сақталуы, сондай-ақ ІАҚ жұмысындағы кемшіліктерді жою және жақсарту мүмкіндіктерін іске асыру жоспарлары бойынша ІАҚ тиімділік мақсаттарына қол жеткізу туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

15. ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

- 15.1 ІАҚ басшысы ІАҚ туралы ережеге өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы мәселені кемінде жылына бір рет қарауы, және, қажет болған жағдайда, ІАҚ туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жөніндегі өз ұсыныстарын Қоғамның Аудит жөніндегі комитеті мен Директорлар кеңесінің қарауына/бекітуіне ұсынуы тиіс.
- 15.2 Мынадай мән-жайлар ІАҚ басшысы, Аудит жөніндегі комитет, Директорлар кеңесі және Қоғамның Бас атқарушы директоры арасында ІАҚ құзыреттерін немесе осы Ережемен реттелетін басқа да мәселелерді қосымша талқылау, сондай-ақ Ережеге өзгерістер енгізу үшін негіз болуы мүмкін (мыналарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):
- 1) Стандарттардағы айтарлықтай өзгеріс;
 - 2) Қоғамның ішіндегі ірі сатып алу немесе қайта құру;
 - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің және / немесе атқарушы органының құрамындағы маңызды өзгерістер және / немесе ІАҚ Басшысының ауысуы;

 air astana	«Әйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

- 4) Қоғамның стратегиясындағы, мақсаттарындағы, тәуекелдер бейініндегі немесе Қоғам өз қызметін жүзеге асыратын ортадағы маңызды өзгерістер;
- 5) ІАҚ қызметінің сипатына және/немесе көлеміне әсер етуі мүмкін заңнамадағы өзгерістер.

- 15.3 ІАҚ туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымдарын ескере отырып, Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.
- 15.4 ІАҚ Басшысы осы Ереженің байланысына және оған жасалған кез келген өзгерістерге жауап береді.

	«Әйр Астана» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
	Бөлімше	Ішкі аудит қызметі
	Тіркеу нөмірі	KC-IAS-REG_v2
	Күшіне енген күні	15/10/2025
	Беттер саны	20
	Қосымшалар	0

Құжаттың тарихы		
Нөмір	Өзгерістер енгізілді (тек бөлімнің нөмірі мен атауы)	Күшіне енген күні
1	Қолданылмайды	19/11/2024
2	Бөлімдер 2,4,5,6,7,9,10,12,14	15/10/2025